

БІЛІМ АЛУШЫНЫ ПРАКТИКАДАН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ ШАРТ

№284

Тараз қаласы

20 24 жылғы «09» 23

Бір тараптан «М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕАҚ (бұдан әрі—білім беру ұйымы) атынан Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған (тандалған) басқарушы Есмаханов Бауыржан Мейрамбекович және «Завод металлоконструкций и резервуаров (ЗМР)» басшысы Т.А.Ахметов екінші тараптан бірлескен қызметке ортақ мүдделілікті білдіре отырып, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға шешім қабылдады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметінде өзара тиімді ынтымақтастықты орнату.

Осы шартта:

1.2. Білім алушылардың өндірістік, педагогикалық, зерттеу, ғылыми-зерттеу және т.б. практикалары мен тағылымдамалардан өтуін осы шартта бекітілген талаптар бойынша қызметтер көрсету арқылы ұйымдастыру;

1.2.1 Білім алушылардың өндірістік, педагогикалық, зерттеу, ғылыми-зерттеу және т.б. практикалары келесі білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады:

6B04111 Кәсіпкерліктің бухгалтерлік есебі, аудиті және салық салу,

7M04117 Бухгалтерлік есеп және аудит

1.3. Кәсіпорын білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

1.4. Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) білім алушыны академиялық күнтізбеге сәйкес тиісті практикадан өту мақсатында кәсіпорынға жіберу;

2) білім алушыны осы Шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

3) тиісті практиканың бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

4) кәсіпорынға тиісті практиканың басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

5) білім беру ұйымының тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекіту;

6) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушының сақтауын қамтамасыз ету;

7) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының

практикасына мерзімді бақылау етіп, оның өтуін ұйымдастыру;

8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың тиісті практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;

9) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

10) жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;

11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

12) тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.

13) білім алушының өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте оқудан шығарылған кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

2.3. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

2) тиісті қызметтің бос орны бар болған кезде қажетті мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;

3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың кәсіптік практикаға жіберілген білім алушыны қабылдау;

5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ қызметтерде білім алушыны пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және т.с.с.) білім алушының практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

7) білім алушы еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда ол туралы білім беру ұйымын хабардар ету;

8) білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеруі және жеке тапсырмаларды орындауы үшін, кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануына қажетті жағдай жасау;

9) практикадан өту мерзімі аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

10) жаңа технологияларға және өндірістік процесс өзгерген жағдайда соған сәйкес практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

11) кәсіпорынның/ұйымның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;

12) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;

13) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;

14) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжамдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытылуын талап етуге құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

4.1. Осы Шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешу мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

4.2. Келіссөз немесе өзара шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешімін табады.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

5.2. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырылып өзгертілуі мүмкін.

5.3. Осы Шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен екі данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

5.4. Шарттың мерзімі _____ 5 _____ жыл.

6. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Білім алушының практикадан өту барысындағы қаржылық шығыстары осы Шартта көзделмеген.

6.2. Практикадан өту уақытындағы білім алушының қосымша шығындарын қамтамасыз ету үшін Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді өзіне алмайды.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ

«М.Х.Дулати атындағы
Тараз университеті» КЕАҚ
080000, Тараз қаласы,
Ы.Сулейменова көш, 7
БСН 240940026321

«Завод металлоконструкций и
резервуаров (ЗМР)» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Махамбет батыр көшесі, 5в
БИН: 06014000120

Заңды тұлғаның уәкілетті органымен
тағайындалған (тандалған)

басқарушы _____ Б.Есмаханов

« 23 » _____ 2024ж.

М.О.



Т.А.Ахметов
2024ж.

М.О.